

егемен Қазақстан

Қайраткер Дінше Әділов - ұлт театрын ұйымдастырушы



«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы бастапқы сандарында: «Гинуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да Мемлекеттік Ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр әртістері Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды. Оның соңынан – концерт. Демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады. Театр директоры Дінше», – деген хабарлама әлденеше рет басылды.

Сөйтіп, 1926 жылғы 13 қаңтарда сол кездегі ел астанасы – Қызылордада Мемлекеттік ұлт театры салтанатты түрде ашылды.

1926 жылдың алғашқы төрт айы бойы шыққан әлгідей жарнамаларда ұлт театрының қызметі жайында түрлі деректер бар. Солардың бірінде бәйгеге түскен пьесаны талқылауға көрермендердің де қатыса алатындығы айтылады. Сонымен бірге, «Жеті кісіден сыншы комиссия ойында болып, пьесаның артық, кем жерлерін бақылап отырады» деген ақпарат беріліп, комиссия құрамына ағарту халкомы Смағұл Садуақасов, өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ораз Жандосов, орыс театрының режиссері Михаил Насонов, ақын-жазушылар Бейімбет Майлин, Молдағали Жолдыбаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов кіретіндігі көрсетілген.

«Еңбекші қазақ» бетіндегі жарнамалардан «оқу комиссариатының бәйгесіне келген пьесалардың ішіндегі дәмелісі – 3 перделі «Исатай батыр» деген тарихи драма», «Шернияз» атты 4 перделі қарақалпақ тұрмысынан жазылған драма», сондай-ақ, «бәйгеге келген 3 перделі, 6 сүгіретті және прологі мен эпилогі бар «Қаракөз» атты драма» қойылғанын білуге болады. «Театр әртістерінің саны жетпегендіктен, 10-нан артық адам сырттан шақырылды», деген жолдар да қызғылықты. Бұдан жас өнер ордасындағы кәсіби сахна шеберлерін қалыптастыру талабын көреміз.

Тұңғыш ұлт театры аптасына бір-екі мәрте ойын қойып отырды. Театрдың бірінші маусымы төрт айға ғана созылып, сахналық қойылымдардың 12 премьерасы өтті. Әр пьеса қысқа мерзім ішінде сахналанып, бір-екі-ақ реттен қойылатын. Барлық спектакль концерттік ойын-сауықтармен астастыра көрсетілді. Театр әртістері болып ешқандай кәсіби білімі жоқ халық таланттары қызмет атқарып, түрлі образдарды сомдады. Спектакльдер соңындағы концерттерде ән-күй, әзіл-сықақ, тіпті, цирктік нөмірлерді де солар орындайтын.

Театр директоры Дінше (Дінмұхамед) Әділов спектакльдердің қойылымдарына жалпы көркемдік жетекшілік жасады. Ал әр ойынның режиссуралық деңгейін көтеру үшін ол сахна шеберлерінің өз ішінен жекелеген спектакльдердің режиссерлерін тағайындап отырды. Мысалы, «Қаракөзге» режиссер болуды Орынбор оқу орындарындағы көркем-өнерпаздар үйірмесінде ысылып келген Серке Қожамқұловқа, «Шернияздың» режиссерлігін Ташкент сахналарында тәжірибе жинап, Қазақ ағарту институтындағы музыкалық драма үйірмесінде өзінің шәкірті болған Құрманбек Жандарбековке тапсырды.

1926 жылғы 11 ақпанда Смағұл Садуақасов төрағалық еткен Ағарту халкоматы алқасының мәжілісінде ұлт театрының жай-күйіне байланысты Дінше Әділовтің баяндамасы тыңдалып, театрдың аяқ алысы жақсы бағаланды. Театрға «Қазақ мемлекеттік академиялық театры» атауы берілсін деген қаулы алынды.

Театрдың ресми ашылған күні 1926 жылғы 13 қаңтар екенін кеңестік тарих жоққа шығарған емес, тек осы күні театр өз шымылдығын Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегімен» ашты деген деректі әбден құлаққа сіңірген. Расында, бұл күні сахнада Қошке Кеменгеровтің «Алтын сақина» пьесасы ойналған еді. Ал тарихи деректің бұрмалану себебі – 1913 жылы Омбыдағы шәкірттік кездерінен аралас-құралас болып, саяси соқпақтары бірде түйісіп, бірде ажырап жүрген байырғы достар – Дінше мен Қошкенің саяси репрессия құрбанына айналғанында жатқан-ды. Бірақ «Еңлік-Кебек» – Әуезов театрының алғашқы қойылымы» деген дерек ойдан шығарылмаған, ол шынында да құрылу үстіндегі жас театр әртістерінің сахнаға ұсынған алғашқы спектаклі болды. Ол Қазақ өлкелік партия ұйымының бесінші конференциясы аясында, 1925 жылғы 1 желтоқсанда қойылған.

1926 жылғы 25 сәуірде Ағарту халық комиссариатының алқасында Дінше Әділов есепті баяндама жасады. Қазақ театрының есеп беру мерзімі ішіндегі қызметі қанағаттанарлық деп табылды. Бірақ көп ұзамай Дінше қызметінен босанды. ОГПУ тергеушісіне 1928 жылы берген түсініктемесінде ол былай деген: «Мен бұл театрдың директоры міндетін кінәратсыз атқардым, қажырым мен қуатымды аямай жұмсадым деп есептедім, сондықтан да, доғарысқа кетуге бел будым».

Тарихи шегініс жасасақ, Діншенің өнерпаздықпен шұғылдануы 1914-1918 жылдары Омбы гимназиясында білім алып, жастардың «Бірлік» ұйымына мүше болған және Ақмолада облыстық қазақ революциялық мекемесінің комиссары ретінде қызмет атқарып, «Жас қазақ» ұйымын құрысып жүрген кездерінде басталғанын айтқан жөн.

1917 жылы Дінше Әділов Алаш партиясының Ақмола облыстық комитеті мүшелігіне сайланады. 1918 жылғы сәуірде ол мүше болып жүрген «Бірлік» ұйымы көзқарасын ыңғайымен екі жарылады. Дінше кеңестік бағдардағы демократиялық одаққа қосылады. Ізінше Омбыда жасақталған қызыл партизандар жасағына кіреді де, ақтармен соғысу үшін Қиыр Шығысқа аттанады. Благовещенскіде ақтар түрмесіне түседі. Одан Омбыға аман-есен оралып, Колчак диктатурасына қарсы қарулы көтеріліске қатысады.

Ақтардан бой тасалап, 1919 жылы Түркістан өлкесіне өтеді. Ташкентте Тұрар Рысқұлов басқаратын Мұсылмандар бюросы жұмысына қатысып, қазақ педагогикалық училищесінде сабақ береді. Ал 1920 жылы Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Нәзір Төреқұловтың шешімімен Алматыға аттанып, Жетісу облыстық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі болады. Мұғалімдер дайындау курсына мәдениет тарихынан дәріс береді. Облыстағы мәдени-үгіт топтарын құруға қол ұшын созады.

Дінше 1920 жылдың күзінде Семейге барып, Жүсіпбек Аймауытов басқаратын қазақ бөлімі жұмысына қатысқан. Сол жылы қазан айында өткен Қазақстанның тұңғыш кеңестер съезінде Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сырттай сайланып, Орынборға келген. Ол жайында белгілі қайраткер Смағұл Садуақасов республиканың бас газеті бетінде: «Дінмұхамед Әділов жас болса да, қазақ революционерлерінің кәриясінен саналады», – деп жазған-ды. Әділов ішкі істер халық комиссариатының алқа мүшесі, халық комиссарының орынбасары, халық комиссары міндетін атқарушы болды. Сосын қазақ үкіметі мен облыстық партия комитетінің отаршылдық салқынынан арылмаған

саяси бағытына Смағұл Садуақасовпен бірге қарсы шықты. Соның салдарынан халық комиссары лауазымына бекітілмеді, қызметінде қыспақ көрді.

Сөйтіп, Әлихан Бөкейхан және Ахмет Байтұрсынұлының батасымен Ташкентке кетіп қалды. Онда 1919-1920 жылдары өзі ұстаздық еткен Қазақ ағарту институты мұғалімдері мен оқушыларының қатысуымен қаланың «Колизей» театрында өтіп жүрген «Шығыс кештеріне» арнап қазақ тұрмысынан ойын-сауық бағдарламаларын әзірледі.

Мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановтың жары – Гүләндәм Мұңайтпасқызы 1988 жылдың бас кезінде бізге Ташкенттің 1921 жылғы мәдени өмірінен бір сыр шерткен еді. Түркесублика жауапты қызметкерлері зайыптарының қатысуымен өткен бір өнер кешінде қойылған спектакльдің басты ұйымдастырушысы Дінше Әділов болғанын еске алған. Бұл туралы 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне Дінше: «Есімде, менің Ташкентте тұрған шағымда «Шығыс кештерін» қоюшы едік, қазақ бөлімін мен басқаратынымын», – депті.

Дінше Әділов 1921 жылғы мамырдың соңғы күндерінің бірінде серіктерімен бірге астыртын тапсырмамен Бұхара қаласына шыққан. Онда түркі әлемінің ірі қайраткері Ахмет Зәки Уәлиди жасырынып жүрген еді. Оған қазақ зиялылары жіберген жігіттердің бірі қазақтардың Ферғана алқабындағы тұрақты өкілі ретінде қалдырылды. Бұл Дінше еді. Ол Бұхарада белсенді жұмыс атқарды. Зәки Уәлиди кейіннен өзінің «Естеліктерінде» оның қызметін әлденеше мәрте ризашылықпен атап өтіп, «Бұхара мен Самарқанда Алашорда уәкілі болған қазақ шайыры әм мәдениет қайраткері Дінше» деген мәтінмен жеке суретін бастырды.

Дінше 1922-1923 жылғы қыста Сырдария облаткомы мандатымен Шу бойында халық жиналыстарын өткізіп, салық жинаушылардың зорлық-зомбылығына тыйым салды. Сосын Ташкентте Қазақ ағарту институтының оқытушысы, 1924 жылы директоры болды.

Дінше 1926 жылы жазғытұрым ұлт театрының басшылығынан өз еркімен кетті де, ОГПУ қармағына түсті. 1928 жылғы тәркілеу науқаны тұсында тұтқындалып, 1930 жылғы 21 сәуірде бар болғаны отыз жасында Мәскеуде атылып кетті. Республикалық басылым бетінде бір белгілі ақынымыз 30-шы жылдары: «...бетінен қаны шыққан ұлтшыл Әділұлы театрдың бағытын еңбекші тап мүддесінен бұрып әкетті», – деген жалалы тұжырымын жария етті.

Енді Діншенің зор еңбегін бағалап, есімін Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының тарихындағы өз орнына қоюға толық мүмкіндік бар.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ
жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты